

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 15/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 маусымда № 4287 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 22/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 04.09.2017 № 22/01 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Нұра ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара малдың арасынан пастереллез ауруы пайда болуына байланысты Индустриальный ауылдық округінің, Корғанжар ауылдық округінің және Заречный ауылдық округінің аумақтарында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Ветеринариялық-санитариялық, сауықтыру және шектеу іс-шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұра ауданы әкімінің орынбасары Мешітбай Қайыржанұлы Жұмановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Омарханов